

4 (5 Каз)
231




Казак
процессы
Казынасынан

35519

Тобық
ЖАРМАҒАМБЕТОВ

Отдмалы







Казак
прозасы
казынасынан

Тобык
ЖАРМАҒАМБЕТОВ

Отамды

Әңгімелер мен хикаяттар



Тобық Жармағамбетов


ОТАМАЛЫ

Әңгімелер мен хикаяттар

Алматы
«Раритет»
2002

Тобық
ЖАРМАГАМБЕТОВ

Отамады



Әңгімелер мен хикаялтар

**ББК 84(5Каз)
Ж31**

Редакция алқасы:

А.П.Баранов (төраға), Ә.Асқаров,
Ш.Мұртаза, З.Я.Тен, С.Асылбеков,
З.Серікқалиұлы (жауапты шығарушы).

Құрастырған Есенбай Дүйсенбайұлы

Жармагамбетов Т.
Ж31 Отамалы. Әңгімелер мен хикаяттар/Құраст. Е.Дүй-
сенбайұлы. Алғысөзін жазған З.Серікқалиұлы. — Ал-
маты: «Раритет», 2002. — 212 бет.

ISBN 5-7427-0197-7

35519

Өмірден ерте өткен жазушының өз уақыты мен тұтас бір
урпақтың гұмырнамасын өзек өткен «Жан», «Қара жаңбыр»,
«Қызыл ай», «Қарала сиыр» т.б. әңгіме-хикаяттарында шынайы
шындықпен нөрленген нөзік мұн, сәулелі романтика өлеңдей
егіз-катар өріліп отырады. Ишкі лирикалық иірімінің есер-куаты
жөнинен бұл жинаққа синген туындылардың қай-қайсысы да
прозадағы поэзия іспетті.

ББК 84(5Каз)

Ж 4702250200-00
413(05)-02

ISBN 5-7427-0197-7

012

© «Раритет» БК, 2002
© Безендірген А.Тіленшиев, 2002

А. С. 1/2

10.07.2012

«...Жыл сайын қыс ызгары жүмсағып, жер жалаңаштанған кезде қайта соққан үскірік жел кең жазықпен қуып әкелип еске түсіретін ел аузында бір аңыз бар. «Қаптай жауган қар қызырышықтарының әрқайсысында осы аңыздың мұз бол қатқан түйіршіктегі үшып жүреді. Сол кездерде аңыздың әлсіреп жестікен зар-шері кең даланы қоқтемді тұмандай бүркен кетеді. Бұл мұз біресе жазыққа жайылып, біресе бұлтқа сіңеді. Биік құздың басынан жел болып құлан, сай-салага тығылады. Өзен бетінде шыны толқын болып ойнайды. Жер үсті, аспан асты жүрек зарына толып, төбелердің баурайын қайы шарбысы қоршап алады».

Қазақстанның сонау қызыр батысынан – Ақтөбеден жазағын Тобық Жармагамбетов дейтін бір таланттың жігіттің халық аңызы негізінде туган «Отамалы» әңгімесі осылай басталады; аза бойынды тік тұргызып, оқушыны бірден баурап алады.

Ертеде, қазақтың құлазып жатқан құқыл ғаласының көне бектерінде – әр төбениң астынан суырылып шығатын үскірік боран мен жалаңдаган жұмытың өтінде, табигаттың өзі табыс еткен жекешілік пен зар-мұңды талышық қылып, жастанып, үрпақтар маңдайына жазған мұраны багып, бір адам жарық дүниемен дәмдес болыпты. Оның атын Отамалы дейді. Отамалы қойшының сол өмірі енді жас жазушыга, міне, ата-бабалардың сонау бір өткен азалы тіршілігінің әлеуметтік сырттың ашуға көп мүмкіндік берген.

Халық қасіреті – халық өнерінің әуені, аңыз сарыны жалаң қайталанып қана қойған жеке, бүкіл бір дәуірдің бетпак жүзін бір аударып тастанған, адамгершилік атынан ауыр үкім оқыған телегей-теңіз сырға айналым кетті. Кең әлем көпсінген, кең әлемге сыймаган жұдырықтай өмір, мұңга батып буланған көз жасы, қарс айрылған көніл, түтеп, жарылып кетейін деп тұрган ашу, кек, ыза, арпалыс, адам рухының ұлы жеңісі – бір әңгіменің бойында қаншама дәру.

Отамалының байыргы тіршілігі – шыр етіп жерге түскен-тін бері көріп келе жатқан бәз-баяғы өмірі – ішегін тартып, иапыраштана батқан әзәзіл күннің сұрықсыз өнінен басталды. Отамалы басын шайқайды. Бір сұмдықты тағдыр өзі жоралғы қылып кеткендей. «Кешке қарай қарга ұясына кірмей ұзак ұшты... Ертең күн сұық болады, бүгін түн сұық болады». Отамалы осы түнде қой жаюдан біраз қашқақтап көріп еді. Бірақ оны түсінетін, оның сөзіне құлақ асатын бұл жалғанда тірі пенде жоқ екен.

Отамалы үлкен ойга шомды, тұнгеріп қалды, көпке дейін үнде-ген жоқ. Бай зілін, бай әйелінің қаһарын бар болмысымен, қөкірегімен тосып алды да, қараңғы лашиғына келіп, шақпақ, таспен ең соңғы үмітін жақты.

Жалғыздық – Отамалыға тағдыр теліген сый. Ата-анасы, жары да, әлдилеген баласы да – коз ашқаннан бері көріп келе жатқан осы от басы, ошақ қасы. Оnda өзінен басқа іліп алар ештеңе де жоқ. Оны мұсіркейтін, оны түсінетін қос пенде – тек қасындағы иті мен қоктегі қарлығаш гана.

Отамалы ошагының үш бұтагымен қоштасып, ата-бабаның арам мұлқі – бір қора қойды алдына салды да, қап-қараңғы түннің сұп-сұық қойнына сіңіп кете барды.

Бір сұмдықтың жиегі сыйздықтап көтеріліп келе жатты. Бір төбениң баурайында ызырық, долы алақұйын Отамалыға лап қойды. Жел шекпенінің етегін түріп, қөкірегінен өтіп кетті. Жер-дүниені қарлы боран орап алды. Отамалының алдындағы ата-баба мұрасының ойран-топырын шыгарды.

Карлы құйыннан жылт етеп саңылау ізден, Отамалы көп қойымен ыға берді, ыға берді. Найза бүршашқ, еңсесін басып, иығына қоңын алды, бірте-бірте өрмелеп келіп сақалына жасабысты. Әлем өзгеріп кеткен. Таныс төбелер бетін бүркеп, көп қылмысқа күә болмайын дегендей, теріс қарайды. Ізылдаган, ықсырган әлем-таптық, аласапыран дүниенің ортасында жүркысып, ар-палысып Отамалы келеді.

Отамалы күнімен ықты, түнімен ықты. Ишін аяз қарып, аштық бүріп барады. Бірақ аиы өмір тұздығымен суáрылған көнтері адам елі келеді сүйретіліп. «Жер бетінде өскен бір бұта тыныши қалған жоқ, бәрі де шіліп, бүгіліп, зарлап жатыр». Отамалының алдындағы мұлқі тоз-тоз болды.

«Алда бейшарал-ай! Сорлыым-ай! Жарықтығым-ау, енді не істейін». – Бұл Отамалының қатты дағдарғаны. Көз жасы үсіген бетіне мұз бол қатып қалды. Қекірегін кек кернейді. «Ашқарақ жауыз! Қарғыс атқыр!» – Өмірбақи қой аузынан шоп алмайтын момын Отамалы, тағдыр дегеніне қарсы тұрып көрмеген Отамалы бұл аиы уытты өмірінде бірінші рет Жапан байға арналап айтты. Шорт жарылды.

Бірақ тағдыр деген қатал. Іші салбырап жаппай қоздалған қойлардың бауырындағы шала-жансар жап-жаса өмірді жалап-жүктеп боран тілі зыр қағады. Отамалыны өлім халіне алып келіп, саусақтарына жсан тапсыртып, екі аяқтан айырып, біраң сілкін-сілкін алды да, ыстық құмды кешкендей жалсаң аяқ, жалсаң бас тентіретіп жіберді.

Осыншама жұмыны, бұйығы адамның бойында қаншама ала-пат қайрат бар. Отамалы долы боранмен гана емес, мейірімсіз тағдырдың өзімен жағасынан ұстап арталысты. Өмірінің ақтых әтінде адамдық, пенделік үлкен құдіретін көрсетті. «Қайдасын, тас жүрек! Бұныңрайын! Тоқтаңдар, иттер, тоқтаңдар!» – Желге қарсы қанатын жайып, Отамалы үшіп тұсті. Бұл оның соңғы айбары, көкіргегі қарс айырылған соңғы жалыны, өлікстей бозарып откен өмірге ұлы қарсылығы.

Көз алдында көп елес: жылат етіп өшкен үміті, қайран қазан-ошагы. «Мұрт дейтін жақсы жаңады екен гой» деп ойлайды Отамалы. Бай орнында бір уыс күл қалды. Отамалы аң-таң. Бұда бір көңілге медеу, қайтсеін.

Арманда кеткен алдебір адамның қабірінің басында оны та-бигат өзі жарық дүниеге табыс еткен қалпында, үстіндегі жал-ба-жұлба шоқпұттан шешіндіріп алды да, басын желге қарсы қаратаип, иманын оқыды.

Бірақ Отамалының тек жүргегі гана тоқтады, ал рухы алғен жеке, ауыздан-ауызга тарап, аңызға айналып кетті. Оның есімін халық өз көкіргіндеге сақтап қалды. Сол бес күндей боранды ел-жүрт «Отамалы», «Бес қонақ» немесе «Құралай» деп атайды. Жыл сайын қар кеттіп, жер бедере жұмсаған кезде қайта ора-лып согатын ызғырық жесл осы аңызды еске салады.

«Отамалы: «Тоқтаңдар, иттер!» – деп айқайлап құлап түс-кенде, қарлы бораның омыртқасы күрт сынгандай жерге солж етіпти де, тұншиылып өліті. Жел бойындағы бар күшінен айрылып, сай-салага сіңіп кеттіпти. Құн қайта шығып, қарларды ән-сәтте ерітіп жіберген. Ал тунде Жетіқарақшы мен Темірқазық қайтадан орындарына келіп, бұрынғыдай селкілдемей, берік тұрып алыпты. Қойлар баурайда өскен қызгалдақтарға қозыларын жа-йып, кең даланың төсінде мәңгі-бақи қалып қойыпты».

Аңыз, міне, осылай азаматтық үлкен түйінмен бітеді. Бүкіл шыгарма тұның тұрган ой, образ.

Бұл әңгіме не үшін керек? Бұл әңгіме ата-бабалардың откен өлмеші өмірін, ауыр азалы тіршілігін танып, түсіну үшін керек.

Бұл әңгіме бүгінгі бақытты бағалай білу үшін керек!..»

Зейнолла СЕРИҚҚАЛИЕВ,
Жас жазуышлардың «Таңғы шық»
жинағына алғысөзден, 1964 жыл.

Сөз болып отырган тек «Отамалы» аңыз-хикаяты гана емес, қырыққа жетпей арамыздан қырышын кеткен (1973) гажайып қаламгердің бүл алуандас талай шыгармалары («Ақ жауын», «Бәйтеректің жаса шагы», «Сентябрь түні» т.б.) заманында жүртшилықтан, әдеби сыннан лайықты бағасын алғаны белгілі. Алайда рухани мәдениетімізді байытқан осындаи суреткер-жазушының әдебиетіміз кеңістігінен айқындалар орны, өзіндік ерекшелігі әлі күнге дейін жсан-жасақты, жете зерттеліп, ғылыми зерделене қоймаганы өкінішті-ақ. Мәңгілік мұраның бір бөлігін гана қайталап жариялау арқылы біз бүгінгі ұрпақтың – оқушылардың жаңа буыны назарын аударуга белгілі бір дәрежеде жослашар бола алармыз деген үміттеміз.

ҚАРАЛА СИЫР

Ауылдың ең шетінде жарқабак басында тұрған қыстаудың түрі тым жүдеу. Алыстан қарағанда мал тапаған ескі кебен сияқты. Тышқанның ініндей үңірейген үш қара тесік тerezе есебінде. Есік алдында ескі самтыңтан тұрғызылған ашық аула. Оның ішіндегі шөптің жаңында бір қарала сиыр байлаулы түр. Неге екені белгісіз, екі мүйізі қалың шоқпытпен оралып, таңып тасталған. Бейне басына кішігірім қаңбак іліп алған сияқты. Кора жаңында сорайып тұрған үзын діңгектің басына ескі қанылтыр шелек төңкөріліпті. Ол көктемгі суырмá жедін әсерімен аласұра даңғырлайды. Ағаш басынан босануға әрекет қылады. Кейде ол дегеніне жетіп қалғандай-ақ, тап ұшар басына қотеріле береді де, бірақ артынан әлсіреп барып, қайта тәмен құлайды. Шелек дауысы жеда дауысынан да, қыстау маңайын қаптай есken жалаңаш шидің ызылынан да аянышты, мұнды.

Қыстау үстінде тәмен үшқан жыртық бұлттар.

Кенет жансыз қыстаудың есігі шықырлап ашылды да, ішінен қырықтар шамасындағы мығым денелі, қара мұртты ерек шықты. Қолында құс мылтығы бар.

Бұл Малдыбай еді. Қожайының көрген қарала сиыр мөніреп жіберді. Қара мұртты көnlі толған кісіше сирына қарап бір жымып, мұртын сипап қойды.

Малдыбай әкеден туғалы қарыны тойып ас ішіп, көркейіп киім киген адам емес. Әйелімен екеуінің қолынан құрық пен көген, қүрек пен шелек кетпесе де, өздерінің желісіне котыр бұзау, я тышқақ лақ байланбаган болатын. Екеуінің де күні бай есігінде өтүмен, бай малын бағумен келеді. Малдыбай деген атын да тағдыр әншнейін мазақтап қоя салған сияқты.

Мінеки, сол Малдыбай ойда жокта малға ие болды. Еңбегі үшін байдың бірер мал берермін дегеніне біраз уақыт болып

қалса да, айтқанын орындамай жүр еді, жақында осы қарала сиыр Малдыбайдың қорасына байланды.

Қарала сиырдың сүтпілігі ауылға аныз болып кеткен. Соны бай жалшысына беріпті дегенді естігенде жүрттың көбі таң қалды. Бірақ сиырдың айыбы да бар болатын – ол өте сүзеген-ді. Малдыбай алардың алдында ғана байдың бәйбішесі мен бір жалшыны жарып кете жаздаған. Бірақ Малдыбай онысын елең ете қойған жоқ, өйткені қарала сиырды қақпайлап, женге жүргізетіндердің бірі – езі. Сондықтан ол жүрт не десе, ол десін, сиыр алғанына қатты қуанышп, көтеріліп қалды. Малдыбайдың бұған қуанатын тағы бір реті бар. Осы қыстаудың бір жағында отырған ауру інісі мен оның бала-шағалары үшін де сиыр қуаныштың көзі болды. Өкпе ауруынан қыстай өлсіреп, жүдеп шыққан інісі көктемге қарсы ауызы аққа тиіп, оңалайын деді. Малдыбайдың әйелі мен келіні сиырға кезектеп шөп тасып әкеліп, қора жылытып, астындағы көнін ауыстырып, жатпай-тұрмай еңбек етеді. Соларға жазатайым бірдене қылмасын деп, сиырдың мүйіздерін шоқпытпен таңып тастаған да Малдыбайдың езі.

– «Мөхіл!».

Қарала сиыр осы мезетте тағы бір мөніреп жіберіп, шоқпыт оралған мүйіздерін бұлғаңдатып қойды.

– Жануар су ішпеген еken ғой! Суарып келейін, – деп, ол сиырға жақындай бергенде, артынан жас баланын жіңішке даусын естіді:

– Ағам сені шақырып жатыр! Келіп кетсін дейді!

Бұл інісінің жеті жасар ер баласы еken. Өзі есік алдындағы көктайғақ мұзда жалаң аяқ тұр. Бәшпайлары қызырып кетіпти. Малдыбай зілсіз зекіріп жіберді:

– Кет әрмен! Қыстауга кір! Мен осы сендерге жалаң аяқ жүрме деп қашанғы айтам, жүгірмектер! Бәшпайынды қырқайын ба, осы?

Бала ауызын қисаңдатып, Малдыбайды мазақтап, кетпей тұрып алды.

– Мен саған көрсетейін-ай, – деп, Малдыбай күрегін көтепе оған қарай ұмтылып қалып еді, сықылықтап тұрған бала үйге зып берді. Малдыбай өзіне көнілі біткендей мұртынан бір жымып алды да, інісінің үйіне беттеді.

Есіктен кірер жерде босағаның омырылып, құлайын деп тұрғанын байқады. Шамасы, күздікүнгі қара сұықта сылаңып, дұрыс жымдаспай қалған болу керек, енді көктемде суланып, құлап түсейін деп тұр.

Бөлме іші сасықтау және қаракөлеңке еken. Ортада ескірген ақ киіздің үстінде басын терезеге беріп інісі жатыр. Оның маңайында ірілі-уақты үш-төрт бала ойнап жүр. Жа-

тағы есік алдындағы жалаң аяқ өкесінің артына тығылып салыпты, тек ақ дамбалының бір шеті ғана көрінеді. Шамалызы, күлкіден жарылайын деп жатқан болу керек, иығы дірір етеді. Малдыбай кіріп келгенде келіні жайпақ қара қазанды қырғышпен тырналап жатқан; қайнағасын көріп жұмысын гоқтатты.

Малдыбай қазандық маңындағы ескі самтықтың үстіне келіп отырды. Инісі ернінің ұшымен амандасты да, тәбеле қарап жата берді.

— Халың қалай, қарағым?

— Жаман емес...

Әңгімеге келіні араласты:

— Бір айдан бері сүт болғалы оңалып келеді. Бірақ әлде де ішінкіре, әсіресе айраннан ішінкіре десем, тыңдамайды. Енді кек ісі шығып кетпей тұрып, әлденіп алу керек кой...

Инісінің артына тығылып жатқан бала басын көтеріп түрегелді де, Малдыбайға:

— Ал, көрсетші, көрсетші, ал! — деп шиқ-шиқ етіп құліп, қайта жасырынып қалды.

Инісі бірдеңе дейін деп келе жатыр еді, жөтеліп қалды.

— Кха-кхха! Кхх-ха.. Я.. мен бір жылма жасаттырып ішейін деп... едім. Откен жылы қатты құлағанымда содан тәуір болғанмын... кек шығып кетпей, азғантай сары май жинасандар...

Малдыбай мылтығының құндағын сипап отырып:

— Жақсы! — деді. «Көп болса, аздап бала-шаганың аузын тия тұруға тұра келер» деп ойлады ол тағы.

— Сосын мен.. жазылып, аяғыма тұрсам, жазда байдың жылқысына кетермін. Көшкенде бізді тастап кетпесін, соны айт. Менің орныма Қарақамыстағы Мұңайдың Жұбанышын алам деп жүрген көрінеді.

— Жақсы...

Бұл жолы Малдыбай «жақсы» деп әшейін айта салды. Өйткені инісі оңалған күнде де, күзге дейін жұмыска жарамайды. Одан ерте қосылса, қайта жығылуы ықтимал.

Малдыбай түрегеліп, есікке беттеген қүйінде:

— Кешке дейін су жылтырып қоярын, босаған құлайын деп түр екен, сылап берейін, — деді келініне. Сосын тағы да мұрнының астынан:

— Мен ши жақтан қоян-қопсы қарап келейін, — деп шығып кетті.

Ол мылтығын асынып, қолына таяқ алды да, қарала сиырды байлауынан шешті. Сиыр мүйіздерін шайқап, айбат шеккісі келіп еді, Малдыбай оны таяқпен жасқап, сайдагы құдыққа қарай жетектеді. Жер бетіндегі қар кектемнің алғашқы жылуына ерігенмен, артынан қара суық түсіп, қатып қал-

ған – маңай көктайғақ. Малдыбай мен сиыр аса сақтықпен төмөн түсіп келеді.

– Шәйт, әй!

Сиыр ұмтыла бергенде, Малдыбай ауыр таяғымен тұмсығынан салып өтті. Бірақ ұруын ұрганмен, жануарды ішінен аял қалды. Сонысына кешірім сұрағандай, өзі сиырмен күбірлесіп сөйлесіп келеді:

– Қайт дейсің енді! Ұрмасқа болмайсың. Таяғым қатты тиіп кетсе, жануарым, ренжімей-ақ қой. Бөрі өзіңнен. Әй-әй!! Ана қарашы, өлде де қоймауынды! Шелектей басында шақшадай ми жоқ-ау!

Малдыбай баурайдан түсіп, құдықтың жанына келді. Құдық жыраның қақ ортасынан қазылған екен, бұз жерден үй көрінбейді. Жел де жоқ. Тек аспанда көшіп жатқан бұлттар көрінеді. Ол қауғаны құдыққа саумалап түсірді де, кішкентай астауға су алып құйды. Қыстай жақтан шелектің даңғыры естіліп тұр. Сиыр шөлден өліп қалған екен, бірден бассалды. Малдыбай суды үшінші рет құйғаннан кейін, осыған қанарсың дегендей, қауғаны орнына алып қойды.

Сиыр танауды пышылдап сіміріп жатыр. Малдыбай мылтығын иығына жайластырынқырап қойды да, аспанға қарады. Бұлттар манағыдан да қоюланып, жиленіп, төмөндөй түскен екен. Тіптен қол созым жерден ұшып жатқандай. «Қар жаума-са, не қылсын. Нагыз көктайғақ сонда болады. Мұндай кезде Кояндар кеуектерінен көп шықпайды, тек үстінен дәл түсіп үркітпесен...» – деп ойлап түрганда, оны бел тұсынан ауыр бірдеме түйіп қалды. Малдыбай қалай ұшып кеткенін де сезбей қалды. Есін жинағанда көргені – шоқпыт ораған мүйіздерін төсеп, қарала сиыр төніп келеді екен! Малдыбай асылы қайратты, қажырлы және тез адам еді, жан-дәрмен атып тұрды да, иығынан мылтығын сұрып алды. Сиыр сәл қаймыққандай, әжіреп тұрып қалды. Енді байқады, жаңағы қолындағы таяғы астаудың ар жағынан ұшып кетіпті, сиырдан өрі жатыр.

Малдыбай ауырған белін үқалай тұрып, қарала сиырды қылы сөзбен жібітпек болды:

– Қарағым-ау, мұнша саған не болған? Қабырғамды сыйнырып кете жаздадың гой! Жазатайым...

Қарала сиыр Малдыбайдың сөзін аяқтатпай, тұра ұмтылды. Малдыбай оны мылтықтың дүмімен кеңсірік тұсынан бір қойды. Шанышқы тиген балықтай қайқаң ете қалған қарала жиыр бір жағына бұрылып кетті. Истің қынға айналғанын жәзген Малдыбай жыраның тубіне қарай қашты. Себебі, жыланың тубі алласа, адам бойындаған болатын. Ойы – содан жекіріп шығып, құтылып кету. Сиыр жыраның ол жерінен қарғып шыға алмайды.

Артына қараған Малдыбай өзін өкшелеп келіп қалған сиырды көрді.

— Атам!

Ол мылтығын кезеп тұра қалды. Сиыр қатты дауыстап қаймыққандай тоқтап қалды. Бірақ мүйізін тынымсыз шұлғып, айбат шегуде. Малдыбайдың тон қеудешесін кигені абырой болған екен, жаңа бүйірден соққанда осының арқасында ғана жаны қалды. Ол мүйізді бұдан да гөрі қалың шок-піттеп орамаған екенмін деп өкінді.

Малдыбай қапы қалмайын дегендей оң қалтасында бөлек тұрган қасқыр ататын ірі бытырамен оқталған оғын алды да, мылтығына салды. Сиыр бұған таңқала қарап қалыпты.

Ұнсіз тыныштықты алдымен Малдыбай бұзды. Ол ептең шегіншектеп, жыраның түбіне жүре берді. Сиыр біраздан соң, осы мән неғып орнымда қозғалмай тұрмын дегендей, өкіріп барып, Малдыбайға атылды. Малдыбай тез бұрылғандығының арқасында ғана шоқпіт мүйіздерге ілінбей қалды. Сиырдың өтіп кеткенін пайдаланып, ол енді құдық басында қалған таяққа қарай жүгірді. Бірақ үш-төрт қадам аттамай-ақ тоңқалаң асты. Арт жақтан екпінмен соққан қарала сиыр омыртқасын үзіп жібере жаздады. Малдыбай меңзен болып орнынан әрең тұрганда, сиыр ұлken шенбер жасап құдықты айналып, осылай қарай қайта тайрандап келе жатыр екен. Ол жыра түбіне қарай қайта жүгірді. Сиыр осы жеткенінде Малдыбайды бөкседен соқты. Ол қайқаң өтіп бір жағына ұшып түскенде, қолындағы мылтығынан айрылып қала жаздады. Қарала сиыр кезекті жұмысын бітіргендей, құдық жаққа тартты.

Сиыр енді құйрығын көтеріп алып ұнсіз шапқылап, құдықтың маңын қорыс қылышп жүр. Малдыбай жыраның түбіне жетуге жақындалп қалды, бұрынғыдай жүгіруге де әл жоқ, аяғы ақсап қалыпты. Соңғы рет сиыр мандай тұсына келе бергенде, мылтықтың шүріппесін басып қалып, жұмысты біржола бітірейін деп ойлады да, бірақ артынан саусағын тартып алды. Осы соққы Малдыбайға ауыр тиді,— сиыр қеудеден түйген екен, орнынан тұра алмай қалды. Өкпесі қысылып, демі тарылғандай. Жүрегі де қатты-қатты соғып, басы айналып кетті.

Қарала сиыр Малдыбайды бір құлатқан сайын кең шенбер жасап, құдықты айналып шауып келеді. Көптен байлауда ұсталып, іші пысқан ол еркін бой жазып алғысы келгендей еліре көсіледі. Аяқ астындағы қарда бір табын мал өткендей із жатыр. Ол соңғы соққыдан әрең көтеріліп, есін жия бергенде, сиыр өзінің шенберін аяқтап, жақындалп қалғанды. Малдыбай бұл жолы әдіс-айлаға көшті. Сиыр тап қасына

келіп қалғанша селк етпестен тұрды да, кенет бір жағына жалт бүрылды. Басымен жер сүзе жаздаған сиыр зымырап өте шығып, қайтадан құдышқа қарай қыстыады. Ол жаздан бері екі-уш ескі қаңбақ жатқан жыраның түкпіріне жетіп қалды. Бірақ денесі едөүір ауырлап, аяғы алдыртпай тастаған екен, онша қатты жүргізбеді. Дегенмен, әлді адам гой, сиыр қайта айналып келгенше, ол жыраның ернеуіне жетті. Енді бір секіріп ернеуге қолын іліктірсе, шығып кетпек. «Сиырды артынан ауыл болып үстап алармыз» деп ойлады ол. Бірақ жыраның ернеуі Малдыбай ойлагандай төмен емес екен. Алғаш қарғығанда, шамасы әлсірегендіктен болуы керек, қолы жетпей қалды. Екінші рет күш жинап секіре бергенде, арт жағынан бір қара күш кеудесін жарға сығып жіберді. Ол жансызын заттай қаңбақтың бірінің үстіне дұрс ете қалды. Тек көзіне шалынғаны құйрығын көтеріп алып, тұқайлары аспанға қаршаша, құдышқа қарай асып бара жатқан қарала сиыр болды.

Малдыбай қүйіп кетті де, мылтықты алақанына сарт еткізіп төсей қойды. Маңдайына сұық тер шапшып шықты. Денесі алау отқа жаңып, миы үршықтай зыр айналып барады.

— Атаға нәлет! — деп боктап жіберді ызадан. Бұрын сиырна мұндан қатты сөз айтып көрмеген еді. Сосын жарға сүйеніп, теңсепті тұрып қалды. «Құйрысын, болмас, атып тастайын» деп бекінді ол.

Сиыр бұл кезде құдышқты айналып, басын бері бұрган еді. Мөніремей, дыбыс шығармай, тек тұқайлары сарт-сүрт етіп шауып келеді. Бейне аяқтарына он шакты күміс қоңырау байлап алғандай. Құйрығын сәл көтеріп артқа еркін тастаған. Онысы жауға шапқан батырлардың найзасының үкісінше желбейді. Малдыбай қолы дірілдеп мылтығын көтерді де, қарала сиырдың маңдайын іздеді. Қарауылға әуелі шоқпыт ілікті. Ол қолдың қозғалуынан ба әлде сиырдың шабысынан ба, бір төмен, бір жоғары секіріп, қарауылда тұрмады. Сосын Малдыбай мылтығын сәл төмен түсіріп, қолын демалдырып алды да, маңдайға дәлдеді. Маңдайының қақ ортасындағы дөңгелек ақ ноқат көздеуге жақсы екен. Мінеки, ол қарауылға берік ілінді. Бұл кезде сиыр тіпті жақындалап қалған еді. Жыраның төбесінде ойнақтаған желдің дыбысы естіледі. Алыстан шелектің әлсіз данғыры жетеді. Малдыбай шелек дауысын естігенде үй іші есіне түсіп кетті. Үйдегі екіқабат әйелі, баласы (оның алты жасар бір баласыға бар еді), ақырында інісі, оның балалары көзінің алдына тұра қалды. Әлгі жылма деген сөзі құлакқа ап-анық естіледі! Мына жақындалап келе жатқан, мына қарауылға ілініп тұрған ақ ноқат — сол жыл-ма... айран, сұт, ірімшік, құрт, балаларының бетіндегі қуанышты құлкі гой! Солардың өмірі! Інісінің өмірі! Өлейін деп жат-

кан жерінен тұрғызып алған осы сиыр емес пе еді?! Ендігі үміттің бәрі де осы сиырда.

Оның мылтық ұстаған қолы тәмен түсіп кетті.

Қарала сиыр шауып келе жатыр.

Малдыбайдың көзіне жылма елестейді. Жайпақ қара қазаның ортасына дейін құйылған май бүркүлдап қайнап жатыр. Бетінде көпіршіген ақ көбігі. Жылма ішіп отырған ауру інісі... Алғысқа толы көз жанарын Малдыбайға аударады. Інісін ажалдан алып қалу мұның міндеті ғой. Сиырды атып өлтіру – ауру інісін өз қолымен өлтіру деген сөз. Осылардың қамыққанын көрмейін деп, жұмыс істегендеге де Малдыбай жан-тәнін салып бағатын. Енді мына кішкентай бір қатерден қорқып, қарала сиырды атып тастаса, ертең елге не бетін айтады, үй ішіне, ауру інісіне не демек?

Жоқ, Малдыбай қарала сиырды өлтірмейді.

«Малдыбай ондай қояншық емес!» – деп қойды ол қаттырақ, ойын бекіте және өзіне бекем бере түскендей.

Бірақ... қарала сиыр шауып келе жатыр.

Малдыбай не болар екен деп жарға сүйеніп ұнсіз күтіп тұр.

«Мүйізі жарға тірелгенше шаба бермек пе! Астапыралла! Өзінің өжетін-ай! Аждана сияқты екен, кәпір!»

Сиыр жыраның тап шетіне жетіп қалған кезде ғана алдыңғы екі аяғын тіреніп, абажадай боп тұра қалды. Малдыбай да мылтығын қалай көтеріп алғанын сезген жоқ, тұла бойы тітіркеніп, дірілдеп кетті. Қарала сиыр бұл жолы Малдыбайды қорқытқанына мәз болғандай, біраз тұрды-тұрдыда, кейін қарай қайта шаба жөнелді.

«Көрдің бе, өлтірмегенім жақсы болған! Сөйте-сөйте желігі басылады ғой» деп ойлады ол. Жырадан жоғарыға шықпақшы болып тырмысып еді, онысынан ештеңе бола қоймады, тіпті бұл жолы қолы манағы топыраққа да жетпей қалды. Денесі бұрынғыға қарағанда өлдекәйда ауырлап кеткен. Өсіреле бүйірі мен кеудесі өзге жеріне қарағанда тызылдап, удай ашып ауырады. Соққының көбі де сол жерлерге тиген.

«Нем кегті, – деп мырс етті Малдыбай, – көгеріп кеткен жерлерімді қас қылғанда ертең тап өзінің майынды жағып жазып алам ғой. Бір-екі жұмада құлан-таза болады. Қап, мана аңқасы кепсе де, азанда қоянға кете бермеген екенмін!»

Малдыбай өншешіндеге кездесе кететін қаңғырған атты адамдардың біреуі де келе қалмайды-ау деп ойлады. «Бірақ олар жеке тұрган Малдыбайдың қыстауынан не алсын және құдықта бір ит өлген түкпірдө. Үйдегі әйелдер біліп, келгенмен, не бітірмек. Қайта олардың өздерін өлтіріп кетіп жүрер. Келмегендері де жақсы. Мендей де емес, оларда курай сияқ-

ты түк қауқар жоқ қой, мүйізді бір шайқағаннан қалмас...
Асылы, мүйізін таңып тастап, ақыл еткенмін».

Сиыр тағы айналып, арбиган мүйіздерін алға тастап ша-
уып келеді. Малдыбай мылтығын созып, алға кезеді. Бірақ
бұжолы қарқыны әлгіндей қүшті емес. Баяулау келеді. Де-
генмен, түрінде бір сойқандық бар. Жанағы жеріне жетіп тағы
түрып алды. Малдыбай желімделіп қалған еріндерін ажыра-
тып, сейлемекші болды.

— Ойының әлі қанған жоқ па, қояншығым. Сен тентек
болсаң да, ақылды тентек едің ғой. Бүгін қоян аулауға
жібермей тастағаның не болғаның. Осы үшін өзінді жақсы-
лап бір сабап алу керек-ау, ә?! Енді мені үйге жіберсейші.

Қарала сиыр тыңдаپ түргандаі түр білдірді. Сосын «жоқ»
дегендей мүйізін бір сілікті де, оған жақындай түсті.

— Кет! — деп жекірді Малдыбай.

Сиыр тыңдар болмады.

Ол мылтығын кезеп, маңдайға тікелеп үстады.

Қарала сиыр тап берді.

Мылтықтың аузы әуелі ақ нокатқа тилі де, екпінмен жо-
ғары ыршып кетті. Малдыбай шүріппені баспады, бірақ соның
артынша керемет бір күш өзін жарға езіп, сығып бара жат-
қанын сезуге шамасы әрең келді де, талықсып кетті. Қозінің
алдында мындаған дәңгелектер, мұнарлар нажағайдай бір
сәтке ойнап шыға келді де, тез сөніп, тұңғызық қараңғылық
жауып кетті.

...Қанша уақыт өткені белгісіз, ол есін жиғанда, сиырдың
мүйіздеріне ілініп түрганын көрді. Мылтық артына Қайыры-
лып, арқасымен жардың арасында қыстырылып қалыпты.
Оның аузы аспандағы қошіп бара жатқан бүлттарға қарап
шошайып түр. Қарала сиыр алдыңғы екі аяғын шірене тіреп
алыпты да, шоқпыт мүйіздерін Малдыбайдың қеудесінде берік
үстап түр. Мүйіздің бірі қеудеден сыптырылып, жарға тіреліпті.
Ысырылған ізі тон үстінде бел-белгілі, қара жермен сүйрет-
кен шананың ізіндей. Шамасы, осы мүйіз ысырылып, қеудесін
босатқан соңғана есін жиған болу керек. Екінші мүйіз қеуде-
мен қолтықтың арасында.

Малдыбай демігіп түр. Бетін сұық тер жуып кеткен. Әуелі
ол жауын жауып түр ма деп қалып еді. Олай емес екен. Аузы,
беті, тамағының маңайы жанып барады. Үсті-басы да судан
ағып кеткен болу керек, удай ашып, терлеп, қызығындаң,
өртеніп жатқандай. Дем алғанда қеудесі ырылдаған иттей
сыр-сыр етеді. Тіпті шапшыған қан миды зырқ айналды-
рып, балгаша согады. Мылтықты алуға мұмкіншілік жоқ.
Мылтық ұстаган қолы одан айрылған соң артына қа-
йырылыпты да, жарға қысылып қалыпты. Ол үйіп қалған

булу керек, жан бар екені, жоқ екені белгісіз. Екінші қолың да мүйіз басып тұр.

Сиырдың жіберетін түрі жоқ сияқты. Малдыбай есін жиған соң, біраздан кейін қозғалмақ болып талпынып көріп еді, сай-сүйектері сырқырап, омыртқасы сынып бара жатқандай, тұла бойы қақсал қоя берді.

«Ит, мықтап шегелеген екен... Енді қайттім?!»

Жел күшіне түскен. Оның зуылына қалын шидін сарнауы қосылады. Есқі қаңылтыр шелектің даңғыры әлі естіліп тұр. Ол манағыдан горі долдана, ызалана салдырлаған айбат шегетін төрізді. Аңда-санда «дыр-р-др-р, ыр-а-дыр-ыр» деп қояды, онысы «адыра қалсын!» деген сияқты естіліп кетеді.

Малдыбайға ең анық көрініп жатқан – аспан ғана. Бұлтар бұрынғыдан да горі көбейе түскең. Таңтерденен бері көшуде еді, әлі ағылуда. Таусылатын түрі жоқ. Малдыбай өзінің енді бір жылға дейін жұмысқа жарамсыз болып қалатынын ойлап жатыр. Інісі де ауру. Өзі де мүгедек болса, бұлардың тамағын кім табады? Келіні ме, өзінің әйелі ме? Әйелі болса екіқабат, босанайын деп отыр. Жас баламен ол жарытып не жұмыс істер дейсің. Бұл Малдыбайдың көрійін деп отырган екінші баласы. Сондыктан да соңғы кезде әйелінің асты-үстіне түсіп, жұмыс істеппей қойған. Бай үйінің анау-мынау ұсақ жұмыстарына да қатыстырмаған. Ол Малдыбайдың бұлай сиырдың мүйізінде тұрғанын біліп отыр деймісін. Қоян аулап жүр деп ойлайды. Гой. Малдыбай келініне су жылдытып қоярысын деген сезін есіне алды. Мұмкін, келіні су жылдытып та жатқан шығар.

Мүйіздер қыса түсті. Малдыбай қарлықкан дауыспен сиырға жекіріп еді, ол қысымын токтатқандай болды.

«Астапыралла, – деп ойлады ол, – дауысы шықпай қалу деген оп-оңай екен гой. Жайшылықта ианбас едік-ау».

«Атана нәлет, – деді ол ішінен (өйткені дауысы естілмеді), – осыдан құтылатын күн болса, өзінді іреп тұрып сабар едім! Жаңа атып жібергенде, көзін кекшиіп жататын едің!»

Қарала сиырдың көзі бұрынғыдан жаман қанталап қеткен екен. Малдыбай қатты шошынып, тітіркеніп қалды.

– Тпа-тпа, бәлекет, өзіңмен кет! – деді ол тағы да дауысы естілмесе де.

«Өлімім осы иттен болар ма екен» деген ой басына ора-луы мүн екен, одан жаман демігіп, денесін сұық жайлап кетті. Сонсон зұлым ойды денесінен аулақ құмак болып, олай-бұлай тырбынған болып еді, оған денесі де қозғалмады, басқа оралған шұбар жыландаі зұлым ой да кете қоймады. Малдыбайдың қорқыныштан жүргегі қатты-қатты соғып, терлеп кетті. Бір рет тіпті басы айналып, аспандағы бұлттардың селкілдеп, билеп, қозғалақтап кеткенін сезгендей болды. Ол айқайла-

ғысы келіп, ауызын қымылдатып еді, онысынан да ештеңе шықпады. Тек бишара шелектің дауысы ғана, зарлы дауысы ғана жетеді.

Малдыбай сиырдың көзіне қараган сайын жүрегін үрей билеп, тізесінің дірілдеп бара жатқанын сезді. Сонсоң өзіне өзі енді оған қарамасқа іштей серт етті де, көзін аспанға аударды.

Аспан баяғысындағы сүрең еді. Тек бұлттар, бұлттар, бұлттар. Жапырак-жапырак бұлттар. Кейбіреулері өзендеғі шылау, балдыр сияқты. Біреулері іріп кеткен айрандай. Мына бір бұлт адамға үқсас-ақ; мынау екі көзі, мына желбірегені шаш, мына бір шығынқырап тұрғаны иегі, анау аузы, иә, иә, мінеки, құлағы да шығып келе жатыр. Қалай, өзі марқұм Масабекке үқсай ма? Масабек демекші, ол бишара өткен күзде далада сүйкә үшып өлді-ау. Өлем деп жатқанда аспандағы бұлттарға көзін сүзіп кетті ме екен, тіпті менің түріме үқсас бұлттарды да тауып алып, сонымен сөйлесіп жатып өлді ме екен? Бишара, менімен жандай құрдас болатын. Отыз тоғызында қайтыс болды. Оны елеп, көмген де ешкім болмады, бай баласы өлігін көріпті ғой. Қасындағы жалшысы айтты. Бірақ өлгеніне көп болған екен деп, ауылға алып келуге жиіркеніпти. Сонсоң жалшыны қорқытып, көрген жоқпыз, таба алмадық деп айтып келген.

355/9

...Мына бір бұлт қой қора сияқты созылынқы екен. Ішіндегілері мал болуы мүмкін. Айтпақшы, аспанда ел бола ма екен? Молдалар солай деседі ғой. Адам өлгеннен кейін аспанға шығатын көрінеді. Әлгі бұлт дегенім шынында да сол аспанда үшып жүрген марқұм Масабек емес пе екен? Қой, олай емес шығар, біреулер аспан жын-шайтандардың мекені деседі ғой, мысалы, найзағай жарқылдағанда сол шайтандарға тиіп жатқан қамшының дауысы екен деп те айтады.

Әттең, ана бұлттарға мініп жүретін күн болса... Адамда биікке үша алатын қанат болса... Қанат болғанда ғой, мен мана далбандап жыраның тубіне қарай қашпай, аспанға үша жөнелемін ғой. Қарала сиыр аузын ашып, мүйізін бұлғаң-датып қала береді. Аха-ха... (ол езу тартқан сияқты болды). Бірақ ол кезде, мүмкін, сиырлар да үшар. Қарала сиырга қанат бітіп, менің сонынан қуа жөнелсে. Мен бұлттарға қарай үшар едім. Солардың арасына кіріп, жасырынып қалар едім. Әлгі қалқып өткен қой қоралардың ішінен керегімше мал аралар едім. Аспан деген ракат қой...

Қайран інім! Ауру болып, қор болдың-ау, сен ауру болмаганда, қарала сиырды әлдеқашан ет қылатын едім. Қолымды жіпсіз байладың ғой. Енді, мінеки, демігіп жатқаным... Біреу келіп босатып алғанша, мына мүйіздерден құтылу жоқ. Және біразға дейін жұмытса жарамай да қалдым.

...Бұл сиыр негіп тұр? Неге жібермейді, қашанғы тұра бермек? Сүтті мол бергенмен, сиырлардың ішінде де әумесерлері толып жатыр екен ғой!

Шелектің мұнды дауысы естіледі. Сол шелекті Малдыбай діңгек басына өткен күзде өз қолымен іліп еді, содан бәрі әлі тыныссыз қаңғырлауда. «Құндердің құнінде тубі я бүйірі тесіліп, тәмен сырғып түсер ме екен? Өзінің де бүйірі иттен берік екен. Менің бүйірімнің жаман сиырдың бір-екі сүзгенине жарамай жатқаны мынау...»

Малдыбайдың денесін мұздай сұық билеп коя берді. Себебі, бұл кезде кеудесі қабызып, езілеп, булығып бара жатыр еді. Сиыр күшпен итеріп келе ме өлде кеуденің өзі шыдамады ма, белгісіз. Оның бет-аузын ауыр да ащи төр тамшылары басып кетті. Кеүіп кезерген еріні көкшіл тартып барады.

«Ойбай-ай, өкпем! Атана нәлет-ай-ай-й-й!»

Осы жолы қарала сиыр Малдыбайды күшпен езіп жіберді. Аузынан қаны ытып кеткен Малдыбай әуелі қырылдап қалды да, артынша-ақ жан кешті. Оқыс қимылдан болу керек, тап осы мезетте жінішке қара мылтық аспандағы бүлттар тобырының ең болмаса біреуін құлатайын дегендей гұрс етіп атылып кетті.

Шошынған сиыр Малдыбайдың жансыз денесін лақтырып тастап, құйрығын шанша құдыққа қарай безіп барады.

ОТАМАЛЫ

Бұл аңыз көктемде қар еріп, жер жалаңштанғаннан кейін кенеттен ызғырықтың қайта соғып, боран қақап кеткенінде еріксіз еске түседі. Сондағы сокқан долы жел солтүстіктегі мәңгі мұз тауларының арасында ұмыт болып қалған аңызды сары далага қайта айдалап әкеледі. Сондағы қаптай/жауған қар қырышықтарының әрқайсысында осы аңыздың мұз бол қатқан түйіршіктері ұшып жүреді. Сол кезде аңыздың әлсіреп жеткен мұң-зары кең даланы тұмандай бүркеп кетеді. Бұл мұң біресе жусан басына соғылып, біресе қияқты тұншықтырады. Біресе жазыққа жайылып, біресе бүлтқа сінеді. Биік құздың басынан жел болып құлап, сай-салага тығылады. Өзен бетінде шыны толқын болып ойнайды. Жер үсті, аспан асты жүрек зарына толып, төбелердің баурайын қайғы шарбысы қоршап алады.

Сол кезде қазақтың көне даласындағы қартамыш жусандар бұл аңызды тағы бір естиді.

Желмен бірге жеткен шер далага мынаны айтады дессілі қариялар.

* * *

Ертеде қазақ даласын борандар мен аңызактар, жұт пен қасқырлар, сосын... аздаған қазақтар жайлайтын. Қазақтың даласы төбелерден тұратын. Әр төбенің баурайында тілін жалдатып жұт жортатын. Әр төбенің ар жағынан қамшыдай суырылып шығып боран ышқынатын. Әр төбенің астында қасқыр жататын. Сол көп төбелердің бірінің баурайында Отамалы деген қойшы өмір сүрген екен.

* * *

Отамалы қолына таяғын алып, кішкене лашықтан далаға шықты. Құн шапыраштанып, қып-қызыл болып батып бара жатыр екен. Қезін қысынқырай оған біраз қарады. Ішінен бірдемелерді айтып күбірледі. Басын шайқады. Әлі оты сөнбекен көздерін аспан ортасына аударып, оны да барлап қарады. Алыстағы жардың басында бір топ қарға шуласып жүр екен. Ол басын тағы шайқады.

Ақырында орнынан қозғалып, анадай жерде тұрған аппақ киіз үйге беттеді. Ақ үйдің ар жағындағы төбелердің бауырында бір топ қой жатыр. Жер беті бусана жібіген. Ауа таптаза. Шыңылдан түр. Алыстағы төбелердің баурайларында бір шөкім де қар жок. Жер беті түгел жалаңаштанған. Құнгей жақ беттері көгереп бастаған. Қектемінің көнілді сулары жер бетін шыжбайладап өткелі де көп болмаған – әр жерден-ақ үлкемді-кішілі жыралар, жаңа сайлар көзге ілігеді.

Отамалының артынан ұзын құйрықты ала тобеті еріп келеді. Оның құлағы түйежапырақ сияқты салбыраңқы.

Отамалы ақ үйге жетті. Үйге кірмestен бұрын, бұрылып күнге тағы қарады. «Ұнамайды...» деп күбір өткендей болды, бірақ ерні онша қозғалып жарымады. Иті қожайының ыңғайына жығылғандай, о да күнге қарап біраз тұрды. Бірақ басын шайқаған жоқ.

Отамалы киіз үйдің есігін көтеріп ашты да, ішке енді.

Төрде қара мұртты біреу зереңге мұртын малып шұбат ішіп отыр. Отамалыны қөргенмен, көніл аударған жоқ, жамбастап жатып сорапташ жұта берді.

Әлгі адам сусынын ішіп болғанша, Отамалы тыныш отырды.

Үйдің іші жиназға толы. Керегелерге оюлы кілемдер ілініп тасталған. Салбырап-салбырап тұрған жібек желбаулар. Қазан-аяқ жақта үлде мен бүлдеге оранған бір әйел отыр. Құлағындағы сырғалары, қолындағы білеziктері – бәрі ақ күмістен соғылған, жалт-жүлт етеді. Аяғындағы биік өкшелі кебісіне құміс шалынып, әшекейленген. Үстінде қытай, са-

марқан жібектері. Қасын сүрмелеткен. Бірақ кімі қанша әдемі болғанмен, өзі толық, келіссіздеу. Ұршығын томар бояудың түбірі сияқты саусақтарымен қолапайсыз, икемсіз айналдырады. Одан гері жоғарырақ екі қызы отыр. Бірі бойжетіп қалған. Басында үкілі бөрік. Бұрымдары даланың жуан қара жыландарынша аяққа оратылып жатыр. Бірі тоғызың он жастағы кішірек қызы. Төрде тең-тең болып жинаулы тұрган текеметтер мен оюлы, киіз қапты сандықтар. Олардың үстінде атлас, торғын, жолақ, баршын көрпелер.

Қара мұртты шұбатын ішіп болды. Зереңді кішірек қызына үстітті да, мұртын біраз сүртіп отырды. Содан кейін көзін қысынқырай Отамалыға қарады:

— Отамалы намаздыгерде келмейтін...

— Иә, байеке, Отамалы намаздыгерде келмейтін, — деді Отамалы да. Аз үзілістен кейін: — Бұгін Отамалы намаздыгерде келіп отыр, — деді сезін бөліп-бөліп.

— Отамалы намаздыгерде етігін жамайтын я қойын қайратын. Қойларын тұнгі өріске алып шығуға дайындалатын.

— Дұрыс, байеке. Намаздыгерде Отамалы етігін жамайды, байеке намазын оқиды, қарға үсынына кіреді. Бірақ бұгін Отамалы етігін жамаған жоқ. Бұгін кешке қарай қарға үсынына кірмей, қіналып біраз үшты... Отамалыға киім керек. Ертең күн сұық болады... Бұгін тұн сұық болады..

— Оны Отамалыға кім айтты?

— Оны Отамалыға батып бара жатқан күн айтты.

— Күн батып кетті ме?

— Иә...

— Ендеше, Отамалы мазасызданбасын. Күн айтты да кеті, ал Отамалы қойын өріске айдаш шығуы керек. Күн айтады да кетеді, ол түнде Отамалының қойын өріске айдастып апарып тастамайды.

— Отамалының үйінде ештеге жоқ. Отамалыға қалың тон керек.

— Отамалыға көктем берілді.

— Отамалыға тاماқ керек.

— Отамалыға жылы тұн берілді.

— Отамалыға байпақты етік керек.

— Отамалыға бусанған жер берілді.

— Отамалыға жақсы ат керек.

— Отамалыға екі аяқ, бір таяқ берілді.

Отамалы тұнеріп қалды. Қастары көзін жауып отыр. Бірер сәттен кейін ғана ол жай дауыспен:

— Отамалы түнде қойларды өріске шығармайды. Отамалы қойларды күндіз жаяды, — деді.

— Отамалыға мың жұлдыз берілді!

- Жұлдыздарды бұлт бүркейді.
- Отамалыға төбелер берілді.
- Төбелерді тұман бүркейді.
- Отамалыға жыралар, сайлар берілді.
- Жыра-сайларды қар жабады.
- Отамалының жағына жылан жұмыртқалап, тамағына тышқан індесін!

— Күн сүйқ болады! Тұн сүйқ болады! Қойлар ығып кетеді.
Отамалы қойларды өріске шығармайды!

Байдын кезі шапыраштанып кетті:

- Қазірден бастап Отамалы қойга кетеді!

Отамалы ұндеғен жоқ. Бірақ бұжолы көзін тәмен салмай, байға қарап отыр. Түйіліңкірей, сынай қарағандай. Аспанда жүрген бүркіттің тәмендегі жәндіктерге байыппен көз жібергеніндегі ғана.

- О, Жапан, мен айтып болдым! — деді.

Осы кезде ұршығын тоқтатып қойып, манадан әңгімеге құлақ түріп отырған әйел шап ете түсті:

- Ендеше, Жапан да болды! Айтты ғой саған. Немене, тісінді тіреу, жағынды сүйеу қылып!

Отамалы әйел жаққа қараған жоқ. Тек Жапан әйеліне бірдеме дер ме екен деп күтіп еді, бірақ ол қоштағандай ұнде-мей қалды. Сосын Отамалы жайлап түрегелді де, далаға шықты. Есіктің алдында иті мұны күтіп тұр екен. Иесін көріп, құйрығын жалқау бұлғаңдатты.

Дала қараңғыланып қалыпты. Темірқазық, Жеті-қарақшылар көріне бастаған. Олар бір жанып, бір сөніп, селк-селк етеді. Ауа салқын. Жер беті сәл тоңазып, кілегейлене қататын түрі бар.

Отамалы үшінші рет басын шайқады.

Ол лашығына келді. Лашығының іші қараңғы екен. Белбейіндегі шақпақ тас пен білтені алып, от тұтатты. Кеп-кен баялыш пытырлап, зу-зу етіп жана бастады. Ұш аяқты ошақтың жанында басын тәмен салбыратып жіберіп Отамалы отыр. Оның үйінде ешкім жоқ-ты. Өзінің бар өмірін осы ескі ошақтың жанында еткізген. Ес біліп, етек жигалы бай үйі осы ошақты еншіге беріп, жаман лашыққа көшіріпті. Сол лашық қазіргі тесіктерінен жұлдыз санауға болатын тозығы жеткен шүрк-шүрк киіздер де, сол ошақ осы алдындағысы.

Отамалы өмір бойы жалғыз келе жатыр. Ол үйленген жоқ. Бір рет, шамасы бұдан отыз жыл бұрын, мұның жігіт кезінде бай, қазіргі Жапанның әкесі, үйлендіремін деп бір айтып еді. Бірақ ол марқұм сөзін ұмытып кеткен болу керек, артынан ауызға алмай дунение салды. Ал Жапанның мұнымен тіпті ісі болған жоқ. Қаншама ауылдармен қатар отырып,

қаншама қасына сүрме жаққан, қолына сыңғыр білезік тақ-кан қыздармен кездескенмен, Отамалы малы жоқ болған-дықтан үндемеді. Сөйтіп жүріп елудің үстіне шығып та кетті. Өмірден бар көргені осы ошак, лашық, иттері, байдың үйі. Отамалының дүние тануы осымен шектеледі. Бірақ ол кең даланың етеге баласы еді. Ол қайғырғанда қарлығаштар маңайлап ұшып жұбатқандай болатын. Ол жадырағанда күн де құліп, нұрын шашатын. Төбелері, өзендер, қырқа-сай-лар, жусан, қияқ, дала гүлі – мұның әкесі де, шешесі де, сүйген жары да еді.

Ошакқа басын беріп ол ойланып отыр. Қыншылық кездерінде ылғи осылай отыратын.

Үйде іліп алар ештеңе жоқ. Я киім, я көрпе-тесек, сан-дық, жиһаздар болсайшы! Тек шеп пен қойдың жүнін аралас-тырып жасаған тесек тәріздес бірдеме... Кенет есік сәл қозга-лып көтеріллі де, ішке ит кірді. Ол өз орнын жаzbай білетін, оң жақ қанатқа жатып алды. Отамалы итіне көніл аудармай, сақалын тәмен салып жіберіп ұнсіз отыр. От пышырладап жа-нып жатыр. Мінеки, манадан бері от тимей тұрған баялыш-тың бір жуандай бұтағын жалын тілі бір жалап өтті. Бірақ ештеңе болмағандай, баялыш бұрынғы қүйінде қала берді. От екінші рет соғып өткенде баялыш сәл құңгірттеніп қалды. Сонда да жанып кетпеді. От тілдері көбейіп келіп, үшінші рет шарпылғандаған баялыш денесіне от жабыстырды.

Отамалы сол баялыш бұтағына қарап отыр. Жаңағы қара бұтақ енді қызырып, шоққа айналып келеді. От тілдері енді бұдан ауысып, бөтен бұтақтарға қарай шапшуда. Әлгі бұтақ түбірінен сынып жерге түскенше, қызыл шоқ құлғе айналғанша, Отамалы соған ұнсіз қарап, сақалын ұстап, отырып алды. Біраздан кейін барып ақырын дауыспен:

– Ошак, сау бол, – деді. Сосын белін қаттырақ тартып буды да, далаға шықты.

«Ай, Жетіқарақшының теңселуін-ай!»

Баурайдағы қойларға қарай жүріп келеді. Дала едөуір қараңғы. Біраз жүргеннен кейін пырылдап жайылып жатқан қойлардың шетіне ілінді.

Кішкене байырқатып тұрғаннан кейін қойларды жайымен орнынан қозғалтып, күндеңі өдетініше Темірқазыққа бағыттап өргізді. Қойлар асықпай қаптап жайылып келеді. Ауа бұрынғыдан да шыңылтыр. Жер дегдіп, қата бастаған. Жұлдыздардың бәрі самсап тұр. Бірақ Отамалыға тұрыстары ұнамайды. Шеттерінен қалышылдап, дірілдеп, бір аяғымен се-кенделеп тұрған сияқты.

«Жұлдыздарға да қын-ау, жап-жалаңаш, – деп ойлады Отамалы бір мезет... – бірақ олар кеп қой».

Отамалы қойдың соңынан ере берді. Үстінде шекпені, аяғында байпағы жоқ тозған етігі бар. Баста жеңіл тымақ. Белінде шақпақ тасты, білтелі, бір кішкене пышақты есқі қайыс белбеу. Артында иті еріп келеді. Ол өлі бір дыбыс шығарған жоқ. Жайшылықта дыбыс шығармай, қожайының соңынан жалқау еріп отыратын әдеті бар-ды оның.

...Жетіқарақшы Темірқазықты айналып, тұнді жұта берді.

Тұн ортасында тебелердің бауырынан әрең кетеріліп, еппеп жел есе бастады. Бұл ешкілерге жақсы болды, олар мұрындарын көтеріп, мүйіздерін артқа тастап, жүрісін өндіртті. Қойлар олардың соңдарынан ентелей өріп, тұяқтың тысыры түннің біркелкі тыныштығын бұзып тұр. Эр жерден-ақ тұяққа тиғен тас, сынған бұта, секірген малдың топ еткен сияқты дыбыстар естіледі. Тәбелердің тас баурайымен жүргенде, бірбіrine тиғен тұяқтар ма, тастар ма, шақпақша жалтылданап, төбенің әр жері бір жалт-жұлт етеді. Жусандардың біркелкі жұлынған пытыры, қойлардың пысқырынуы, олардың ісі, артында қалған жылы булары Отамалыға әлі түннің сұықтығын сездірмей келе жатыр.

Отамалы қолына таяқ устағаны болмаса, оған сүйенбейтін.

Тұн ортасынан ауып барады. Қойлар жүрісін шапшанда-та бастады. Түннің бірте-бірте сұтып бара жатқаны белгілі болды.

«Күн айтып еді ғой!»

Отамалы ауылдан ұзап кетті, ондаған таныс тәбелер мұлгіп, Кара жаулық жамылып, артта қалды. Таныс жыралар мен сайларды да тастады. Бірақ құныққан қойлар жаңа өріс іздел, бұрынғы межеден етіп барады. Отамалы оларды кейін қайырган жоқ. Қайтатын уақыт әлі болмаған-ды. Отамалының иті қойлардың алды-артына шығып, әр жақтан дыбыс беріп қояды.

Таңға жақын, қайдан келгені белгісіз, бір мыжырайған төбенің бауырынан ызғырық жел кенеттеген қойлар мен Отамалыға лап берді. Жел шекпеннің етегін кетеріп, боз көйлекті дүрілдетіп, Отамалының бүйірінен етіп кетті.

Ол бірдеме деп күбір ете қалды. Әлгі жел жалғыз келгсін жоқ екен, аспаның сол жақ шетіндегі жұлдыздар жайын жүтқан шабақтардай жоғала берді.

Отамалы сінді қойдың алдына шықты. Итін дауыстап шашырып, оны ық жаққа жөнелтті. Бірақ қойлар шашыранқырап кеткен екен, тез қайырылып болмады. Аспандағы жұлдыздар сөнгіштеп жатыр. Бұллтар жабылған тұндіктей аспанды бүркей берді. Міне, Жетіқарақшы да жұтылды.

Отамалы жүгіргіштеп қайырып жүр. Аяғының астындағы қыстап шыққан көкпек сұтырлады, жусан езіледі. Жел

соғып берді. Қойлар үйлікіп қалды. Тұнге тағы бір тұн қосылғандай, тұнеріп кетті.

Маңайдағы бозғын тебелер де көрінбей барады. Ит анда-санда шәуілдең үріп, кейде арс ете қалып, қойларға бағыт бергіштеуде. Желдің құшті ызылы қойлардың пыскырығы мен маңырауын әрең естіртеді. Отамалы ауылға қарай айдаң келеді. Қатты жүрістен жүргегі жиі-жіе соғып, дұрс-дұрс етеді. Қарманып жүріп беліндегі шақпақ тасы мен пышағына қол жүгіртіп еді, олар орнында тұр екен. Әлден-ақ аяғының ұшы мұздалап, тізесі қата бастады. Бірақ мұндай сұықтың талайын көргендіктен, оны елең еткен жоқ, ойына қорқыныш та алған жоқ, тек есіл-дерті қойларды қайырып, аман жеткізу.

Қойлар алғашқыда жақсы жүрді. Бәрі де жұлуды қойып, ентелеп алға ұмтыла берді. Ит ық жақта. Қойлардың еріксіз ыққа ысырылатынын ит те, Отамалы да жақсы біледі. Жел қүшейген үстіне қүшейе тұсті. Далада қалған бойшаң итсигектер мен бұталардың зарлағанын Отамалының тәжірибелі құлағы тұн дыбысынан ажыратып келеді. Бағдар беретін жүлдyz жоқ болғанмен, Отамалы жер танығыш еді, қойлардың сөл бұрыла бастағанын жазбай билетін. Ол қойларды қақпайлап, жүгіре басып қайыра берді. Ешкілердің бәрі ентелеп алға шығып кеткен болуы керек, Отамалыдан екі-үш адым жерде қойлардың қүйректары ғана қомақталады, сиражтардың бір-біріне тиген сартылы, топтың дүрлі желге қосылып, Отамалының алды қалың шуға толып келеді. Ит анда-санда қыңылап қояды. Шамасы, ол да мұндай аласа-пыран жүрісті көптен көрмеген болуы керек.

Отамалының тізесі тоңа бастады. Денесіне де сұық жеткендей, бөз көйлектің іші салқындағы берді. Жел оның үлкен сақалына оратылып, төмен қарай, кейлектің ішіне лап етеді.

Қойлар да қауіпті сезгендей жүрісін қүшетті. Иттің даусы енді топтың я ана шетінен, я мына шетінен бір шығады.

Отамалы не де болса таңға аман жетсем, жарыққа бір ілінсем деп келеді. Қанша айтқанмен, жарықта жол табуга болады. Бұл қатты болғанмен, жел ғой...

Жоқ, тек қана жел емес, Отамалының шекпенінебірдемелер тысырлап тие бастады. Сипап қарап еді, жалаңаш қолына түсken түйіршіктегер еріп барады.

«Қар!»

Қар жауып берді. Бірақ сұық қар емес, тигені тиген жерінде еріп, тез дымқылға айналып жатыр. Кеп ұзамай-ақ Отамалының шекпенінің сыртынан еріп қатқан мұздың бір қабаты пайда болып, сырт киімі ауырлап кетті. Қойлардың да жуніне сабалак қар қонып, мұз тонға оранып барады. Осы кезде ит ырсалактап жүгіріп Отамалының қасына келіп еді, оның